

**8D013-Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау бағыты бойынша,
6D010200-«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Кожамкулова Назгуль
Сейфулинқызының «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ІТ арқылы
интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық
жұмысына
ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация <u>Қазақстан Республикасының Үкіметі</u> жанындағы Жоғары ғылыми-</p>	<p>Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес бастауыш жалпы білім беру оқушыларын оқытудың жаңа жолдары мен құралдарын іздеу ерекше өзектілікке ие болады. Сонымен қатар, болашақ педагогтерді кәсіби даярлау ісінде білім беру үдерісін заманауи талаптарға сай жаңаша ұйымдастыру, білім беру ІТ жүйесі бойынша дүниетанымның ұстанымдарын меңгеруді, таңдауды, қайта жасақтауды талап етеді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ІТ арқылы интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруға арналған зерттеулер айтарлықтай ғылыми қызығушылық пен қолданбалы мәнге ие.</p> <p>Осыған байланысты Н.С. Кожамкулованың диссертациялық зерттеуі педагогикалық ғылымды дамытудың басым бағыттарына және білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.</p> <p>Н.С. Қожамкулованың диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «Білім және ғылым саласындағы зерттеу» ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді. ("Мәңгілік ел" ғылыми негіздері (XXI ғасырдың білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер). Диссертациялық жұмыс</p>

		<u>техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u>	6D010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша ұсынылды.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады/қоспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u> .	<p>Диссертацияның зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-практикалық нәтижелері жаңа жетістік және педагогикалық ғылымның дамуына қосқан үлесі ретінде анықталуы мүмкін.</p> <p>Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды; «интеллектуалды әлеует», «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің интеллектуалды әлеуеті» түсініктерінің мазмұны нақтыланды; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ІТ арқылы интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемесі дайындалып тәжірибеден өтті.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Жүргізілген зерттеу дербес, өзекті, тұтас және аяқталған болып табылады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	<p>Диссертацияның ғылыми және қолданбалы аспектілердегі өзектілігі, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ІТ арқылы интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруға деген қоғамдық сұраныс пен бұл мәселенің педагогика ғылымында жеткілікті қарастырылмауы арасындағы;</p> <p>- кәсіби білім алу барысында ІТ арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың қажеттілігі мен осы үдерістің әдістемелік жүйесінің жасалмауы арасындағы қайшылықты шешу үшін ғылыми зерттеу мәселелерін шешу қажеттілігі негізделген.</p>
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көрсетеді. Зерттеу материалдары гипотезаны, диссертацияның жетекші идеясын көрсетеді.

		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Бұл ретте зерттеудің мақсаты зерттеу мәселесін шешуге сәйкес келеді.</p> <p>Зерттеу міндеттері жиынтығында зерттеу мақсатын нақтылайды.</p> <p>Диссертацияның қисынды ұсынылған материалдары автордың проблеманы толық көретіндігін және қойылған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асырғанын көрсетеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертацияның бөлімдері мен ережелері бүтін, барлық зерттелген мәселелерді құрылымдық түрде біріктіретін нақты аяқталған жүйені білдіреді. Жұмысты түсінудегі логика мен дәйектілікті атап өту керек.</p> <p>Автор алған нәтижелер ішкі бірлікпен сипатталады: ғылыми аппаратқа сәйкес теориялық мәліметтер, анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттердің мазмұны мен нәтижелері ұсынылған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Диссертацияда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау; «интеллектуалды әлеует», «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің интеллектуалды әлеуеті» түсініктерінің мазмұнын нақтылау; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ІТ арқылы интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындау; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ІТ арқылы интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың әдістемесін әзірлеп, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеру, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?	Қазіргі уақытта отандық және шетелдік ғалымдар интеллектуалды әлеуетті

- 1) толығымен жаңа;
- 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);
- 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)

қалыптастыру мәселелерінің әртүрлі аспектілеріне қатысты бірқатар зерттеулер жүргізді, оларды автор жұмыста терең және толық талдады. Алайда, бастауыш сынып мұғалімдерінің ІТ арқылы интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруға байланысты мәселе зерттеулерде тиісті көрініс таппады. Зерттеу барысында автор теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды келесі ғылыми нәтижелерді алды.

Осыған байланысты, бірінші нәтиже **жаңа**, өйткені автор педагогикалық ғылым мен практикада қолданылатын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың негіздерін ашты.

Екінші нәтиже **жаңалық** талабына жауап береді, өйткені автор «интеллектуалды әлеует», «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің интеллектуалды әлеуеті» ұғымының мазмұндық сипаттамасын берді. Зерттеудің үшінші нәтижесінің **жаңалығы** әдіснамалық тәсілдер мен қағидаттар кешені ескеріліп, өзара байланысты құрылымдық блоктар жүйесі болып табылатын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ІТ арқылы интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалғандығымен сипатталады: мақсатты, іс-әрекеттік-іс жүргізу, мазмұнды және тиімді блок.

Бұл жағдайда автор мақсатты, міндеттерді, пәндік және процедуралық бөліктерді, компоненттерді, құзыреттерді және болжамды нәтижені нақты көрсетеді.

Төртінші нәтиженің **жаңалығы** анықтау, қалыптастыру кезеңдерінен және жаңа эмпирикалық мәліметтерді алудан тұратын зерттеу тақырыбы бойынша жүргізілген тәжірибелік жұмыспен расталған. Автор болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ІТ арқылы

			интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік-эксперимент нәтижелерімен көрсеткен.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияда тұжырымдалған ізденушінің әрбір түйіні мен қорытындысы ішінара жаңа және сенімді болып табылады. Диссертация қорытындыларының сенімділік дәрежесі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың сипатымен расталады. Диссертацияның жұмысы-аяқталған ғылыми зерттеу.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Бұл шешімдер ішінара жаңа және негізделген. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ІТ арқылы интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың практикалық-бағытталған технологиялары негізделген. Ең басты деп таныған ІТ бағдарламалары: -«Corel Draw» бағдарламасы; -«Quizizz» бағдарламасы -«Learningapps.org» бағдарламасы; -«Videoscribe» бағдарламасы, Өз кезегінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің интеллектуалды әлеуетін жан-жақты қалыптастыруға негіз бола алады. Технологиялық шешімдердің негізділік дәрежесі Абай атындағы ҚазҰПУ оқу процесіне практикалық енгізумен расталады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеу қорытындыларының негізділігі бастапқы теориялық-әдіснамалық ұстанымдармен, философиялық, педагогикалық және психологиялық әдебиеттердің алуан түрлілігімен, диссертация мазмұнының зерттеудің қойылған мақсаттары мен міндеттеріне жарамдылығымен (валидтілігімен), зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің мақсатты үйлесімімен, эксперименттік зерттеу нәтижелерін сапалы және сандық талдаудың үйлесімімен,

			интеллектуалды элеует бойынша түрлі әдістемелер, тәсілдер, құралдар кешенін пайдаланумен қамтамасыз етілді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жок</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жок</p>	<p>Бірінші қағидат болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ІТ арқылы интеллектуалды элеуетін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздеріне «интеллектуалды элеует» ұғымының философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектердегі тұжырымдармен дәлелденген. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің интеллектуалды элеуетін қалыптастыруда жүйелік-әрекеттік, синергетикалық, тұлғалық, кешендік, инновациялық тұғырлары әдіснамалық негіз қызметін атқарады.</p> <p>Позиция дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең</p> <p>Екінші қағидат интеллектуалды элеует ұғымының құраушы бөліктері ретінде «танымдық қажеттіліктің, уәждеменің болуы, ақыл-ой кернеуіне дайындық (шығармашылық ізденіс); интеллектуалды өнім, білімге субъективті дайындық қалыптасуы» деп зерделеніп, интеллектуалды элеует түсінігінің мазмұны: «белгісізді шешу, бейнелеп көрсету, нәтижеге жетудегі тұлғаның ішкі рухани күші және ақыл-ойдың энергетикалық құрылымы»; «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің интеллектуалды элеуеті» түсінігінің мазмұны: «тұлғаның кәсіби-шығармашылық жетістікке жетуіндегі білімді, динамикалық байланыстарын басқару қабілеті» ретінде түсініледі.</p> <p>Позиция дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең</p> <p>Үшінші қағидат болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ІТ арқылы интеллектуалды элеуетін</p>

			<p>қалыптастыруға кәсіби дайындығын қамтамасыз етеді және интеллектуалды әлеуеттің қалыптасу деңгейлерін бағалаудың мотивациялық, танымдық, процессуалды, өлшемдері мен көрсеткіштерінің, әдістері мен формаларын іске асыратын интегративті сапа ретінде қарастырылады.</p> <p>Төртінші қағидат болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ІТ арқылы интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың әдістемесі арнайы курс бағдарламасы, «интеллектуалды карта» әдісінің ережелері, оқу-әдістемелік құралының сипаттамаларынан түзіледі.</p> <p>Ереже дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалаларда дәлелденген.</p> <p>Зерттеу нәтижелері автордың 7 жарияланымдарында көрініс тапты: Scopus базасына кіретін ғылыми рецензияланған басылымдарда-1, ҚР БЖҒМ БҒСБК ұсынған басылымдарда – 4, Халықаралық конференциялар материалдарының жинақтарында-1, оқу-әдістемелік құрал-1.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жок</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жок.</p>	<p>Зерттеу проблемасының теориялық және әдіснамалық негіздері ретінде әдіснамалық тәсілдер мен принциптердің жиынтығы (тәсілдер: жеке, белсенді, жүйелік, құзыреттілік, адамгершілік; принциптер: тұтастық, құрылымдық, иерархиялық, көптік, жүйелілік).</p> <p>Зерттеудің қойылған мақсаттарын, гипотезасы мен міндеттерін шешу үшін диссертант теориялық және эмпирикалық әдістердің кешенін анықтады: теориялық әдістер (психологиялық-педагогикалық және оқу-әдістемелік әдебиеттерді, диссертацияларды, монографияларды, нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау, зерттеу мәселесі бойынша материалдарды талдау, жинақтау және жүйелеу); эмпирикалық</p>

			<p>әдістер (сауалнамалар мен онлайн-оппостерлерді пайдалана отырып байқау, әңгімелесу, әлеуметтік сауалнама, тестілеу, айқындаушы және қалыптастырушы эксперимент жүргізу); эксперименттік зерттеуде алынған деректерді сандық талдау әдістері, деректерді өңдеудің математикалық әдістерін пайдалану.</p> <p>«Студенттердің ақпараттық ІТ танымы» авторлық сауалнамасы;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Беннет тестісі бойынша «Дивергентті ойлау сапалары» техникалық ойлау дамуының деңгейін бағалау (С.М. Жақыпов, Ф. Бизакова модификациясы бойынша); - «Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау тесті» (Е.Е.Туник) - А.Маслоудың -«Өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерін бағалау» тесті (авторлық онлайн сауалнамалар және тест тапсырмалары).
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ 	<p>Теориялық қорытындылар Абай атындағы Алматы университетінің базасында және Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті базасында, Педагогика және психология институтының «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы студенттерімен өткізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен дәлелденді және расталды.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>ҚР нормативтік-құқықтық құжаттарына, кәсіби-педагогикалық дайындық мәселелері бойынша шетелдік және отандық авторлардың педагогикалық әдебиеттеріне, сөздіктерге, анықтамалықтарға, энциклопедияларға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға, ІТ, интеллектуалды әлеует бойынша педагогтарға арналған әдістемелік нұсқаулықтарға, Internet ғаламдық желісінің WEB – беттеріне, ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті</p>

			ұсынған журналдарда және халықаралық конференциялар жинақтары материалдарының сілтемелерімен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 172 библиографиялық сипаттамадан тұрады және ғылыми, оқу, мерзімдік, заңнамалық-нормативтік, деректі, статистикалық, электронды және басқа да дереккөздердің жеткілікті тізімін ұсынған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жок	Зерттеудің теориялық маңыздылығы: Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды; «интеллектуалды әлеует», «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің интеллектуалды әлеуеті» түсініктерінің мазмұны нақтыланды; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ІТ арқылы интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі, іс-әрекеттік-процессуалдық, мазмұндық және нәтижелі блоктар әзірленді және іске асырылды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жок	Зерттеудің практикалық маңыздылығы: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ІТ арқылы интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруды әдістемелік камтамасыз етуден тұрады. Атап айтқанда, студенттерге арналған «Бастауыш білім берудегі ІТ негіздері» атты арнайы курс бағдарламасы; «Интеллектуалды карта әдісін» құрастыру ережелері; «ІТ арқылы интеллектуалды әлеуетті қалыптастыру негіздері» атты оқу-әдістемелік құрал. Алынған практикалық нәтижелерді ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде, біліктілікті арттыру жүйесі тәжірибесінде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа;	Тәжірибе ұсыныстары ішінара жаңа. «ІТ арқылы интеллектуалды әлеуетті қалыптастыру негіздері»

		2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	атты оқу-әдістемелік құрал жарық көрді. Зерттеу материалдары жоғары және орта кәсіптік оқу орындарындағы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау барысында пайдаланылуы мүмкін.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

Шешім: 8D013-Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау бағыты бойынша, 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша Кожамкулова Назгуль Сейфулинқызына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

КЕАҚ Павлодар педагогикалық университеті,
Ғылым және интернационалдану жөніндегі
Педагогика жоғары мектебінің вице-деканы
философия докторы (PhD), доцент

Т.Б. Кенжебаева

Педагогика және психология мамандығы
бойынша философия докторы (PhD)
Т.Б. Кенжебаеваның қолын куәландырамын.

Персоналды басқару бөлімінің бастығы

Т.В. Веселова

